

## **Ақтөбе облысындағы Каспий маңы ойпатының шығыс аумағын барлауға арналған конкурстың нәтижелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 14 наурыздағы N 323

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 18 маусымдағы N 7980 тапсырмасын орындау үшін Ақтөбе облысындағы Каспий маңы ойпатының Шығыс бөлігінің екі аумағы бойынша жабық конкурс жүргізу үшін құрылған конкурстық комиссия жұмысының нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Конкурстық комиссияның Түрік Ұлттық Мұнай компаниясын (ТПАҚ)

Каспий маңы ойпаты Шығыс бөлігінің Орталық аумағына Конкурстың жеңімпазы деп тану туралы шешімі бекітілсін.

2. Уәкілетті орган 1997 жылдың 20 сәуіріне дейін ТПАҚ компаниясы үшін Каспий маңы ойпаты Шығыс бөлігінің Орталық аумағын барлауға Лицензия әзірлесін.

3. Каспий маңы ойпаты Шығыс бөлігінің Солтүстік аумағына тапсырыс түспегендіктен, бұл аумақ бойынша тендер өткізілмеді деп есептелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі